

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ

Б е к і т і л д і

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" АҚ Басқармасының
шешімімен

(2011 жылғы 3 тамыздағы отырыстың
№ 46 хаттамасы)

2011 жылғы 5 қаңтардан бастап

қолданысқа енгізілді

**Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және
қолдау құқықтарын беру
ҚАҒИДАСЫ**

Алматы қ.

2011

Осы Қағида Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) Орталық депозитарий әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын беру шарттары мен тәртібін анықтайды.

1-бап. Орталық депозитарийдің бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын ұсыну тәртібі

1. Орталық депозитарий әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын беру бойынша қызметті (бұдан әрі – бағдарламалық қамтамасыз ету) мына талаптарға сәйкес келетін клиенттеріне ғана көрсетеді:
 - 1) осы клиенттер Орталық депозитариймен¹ тиісінше қолданыстағы шарттардың тараптары болып табылады;
 - 2) бұл клиенттер "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ² (бұдан әрі – бағдарламалық қамтамасыз ету шарты) әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқығын беруге "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен жасауға өтінішті осы Қағидаға 2-қосымшадағы нысан бойынша жасалған.
2. "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен бағдарламалық қамтамасыз ету шартын жасауға өтініш (бұдан әрі – өтініш) қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Орталық депозитарий осы клиентті өтінішін қанағаттандырғаны туралы хабарлайды және клиентке бағдарламалық модульдер жиынтығынан тұратын бағдарламалық қамтамасыз етудің орнату пакетін (бұдан әрі – бағдарлама) және онымен байланысты бағдарламаны орнату актісінде көрсетілген құжаттаманы ұсынады.
3. Орталық депозитарий қабылдаған клиенттің өтінішіне өзгерістерді және толықтыруларды осы клиенттің Орталық депозитарийге "бұрын берілгеннің орнына" деген белгісі бар осы Қағидаға 2-қосымшадағы нысан бойынша жаңа өтінішті беруі арқылы енгізіледі.

Орталық депозитарийдің клиенті Орталық депозитарий қабылдаған осы клиенттің өтінішінде бар мәліметтердің өзектілігін қолдауға міндетті және осындай мәліметтердің өзекті болмауының кез келген салдары үшін толық жауапкершілікті көтереді.
4. Бағдарламалық қамтамасыз ету Орталық депозитарийдің интеллектуалдық меншігі болып табылады және авторлық құқық туралы Қазақстан Республикасы заңнамасымен қорғалады.
5. Клиент берілетін бағдарламалық қамтамасыз етуге өзгерістер енгізуге және оны пайдалану мен түрлендіруге үшінші тұлғаларды жіберуге құқығы жоқ, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету

¹ Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына сәйкес қызметті жүзеге асыру аясында өз клиенттерімен жасалатын шарттар.

² Осы Қағиданың 2-қосымшасымен белгіленген өтініштің нысанын толтыру бойынша нұсқау осы Қағиданың 3-қосымшасында келтірілді.

пайдаланатын деректер базасын пайдалануға және түрлендіруге үшінші тұлғаларды рұқсат беруге және өзгерістер енгізуге құқығы жоқ.

6. Клиент бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс үшін жұмыс орындарының те қана мәлімделген санын пайдалануға міндетті.
7. Клиент берілген бағдарламалық қамтамасыз етудің тізбесін өзгертуге және толықтыруға, сондай-ақ жұмыс орындарының санын ауыстыруға құқылы, бұл үшін клиент осы Қағиданың 2-қосымшасындағы нысан бойынша "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын беруге өтініш беруі тиіс.
8. Клиент бағдарламалық қамтамасыз ету белгіленетін компьютердің бағдарламалық қамтамасыз етуге құжаттамада көрсетілген бағдарламалық-аппараттық кешенге қойылатын ең аз талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.
9. Клиент осы Қағидамен көзделген талаптарды бұзу салдары үшін жауапкершілікті толығымен көтереді.
10. Орталық депозитарий тиісінше хабарламаны Орталық депозитарийге ұсынған клиент анықтаған бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысындағы ақауларды анықтау жөніндегі шараларды тездетіп қабылдауды қоса алғанда, оның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін режимде бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдауды жүзеге асырады.
11. Орталық депозитарий бағдарламалық қамтамасыз етуге кез келген өзгерістер енгізуге, сондай-ақ оның жаңа нұсқаларын әзірлеуге құқылы.
12. Бағдарламалық қамтамасыз етуге өзгерістер енгізген кезде, сондай-ақ оның жаңа нұсқаларын әзірлеу кезінде Орталық депозитарий бұл туралы клиенттерге хабарлайды және өзінің Интернет-сайтында тиісінше жаңартуларды орналастырады.
Бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңа нұсқасының шыққаны туралы клиентке хабарлағаннан кейін Орталық депозитарий осының алдындағы нұсқаны қолдамайды.
13. Клиент хабарламада көрсетілген мерзімде осы Қағиданың 1-тармағына сәйкес берілген өтініште көрсетілген өзінің жұмыс орнында (өзінің жұмыс орындарында) бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңартуды орнатуға міндетті.
14. Клиент осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңартуды орнатуды орындамау немесе уақтылы орындамау салдары үшін толық жауапкершілікті көтереді.
15. Орталық депозитарийдің бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электронды түрде қабылданатын немесе берілетін операциялық құжаттары Орталық депозитарийдің Басқармасы бекіткен электронды хабарламалардың форматына сәйкес жасалады.

16. Орталық депозитарий бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану нәтижесінде клиент шеккен кез келген шығындар үшін жауапкершіліктен Орталық депозитарийдің кінәсі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес дәлелденген жағдайды қоспағанда, босатылады.
17. Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқығын бергені үшін клиент "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ тарифтері мен алымдары туралы ережеге сәйкес Орталық депозитарийдің қызметін төлейді.
18. Осы Қағиданың 17-тармағында көрсетілген Орталық депозитарийдің қызметін уақтылы төлемегені үшін клиент төленбеген сомадан есептелетін өсімпұлды мерзімі өткен әрбір күн үшін төлем күніне белгіленген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкін қайта қаржыландырудың 1,5 ресми ставкасы мөлшерінде төлейді.
19. Клиент Орталық депозитарийдің Қағиданың 17-тармағына сәйкес қызметін төлемеген жағдайда, Орталық депозитарий клиент берешектің барлық сомасын толық төлеген сәтке дейін бағдарламаны қолдау бойынша қызметті көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.
20. Орталық депозитарий осы Қағиданы және бағдарламалық қамтамасыз етудің шартын өзгертуге және толықтыруға немесе оларды Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының жаңа редакцияларын бекіту тәртібіне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарымен белгіленген нормаларды сақтай отырып, жаңа редакцияда бекітуге біржақты тәртіппен құқылы.
21. Егер клиент Орталық депозитарий осы Қағидаға және/немесе бағдарламалық қамтамасыз ету шартына (осы Қағиданың және/немесе бағдарламалық қамтамасыз ету шартының жаңа редакциясымен) енгізетін өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келіспеген жағдайда, клиент Орталық депозитарийге осы өзгерістер және/немесе толықтырулар (осы редакцияда) қолданысқа енгізілген күнге дейін бес күн бұрын кешіктірместен бағдарламалық қамтамасыз ету шартын бұзу туралы хабарламаны беруге міндетті. Орталық депозитарийдің осы мерзімде көрсетілген хабарламаны алмауы клиенттің осы өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келісімі болып танылады (осы редакциямен).
22. Бағдарламалық қамтамасыз ету шартын бұзу мына жағдайларда жүзеге асырылады:
 - 1) тараптардың келісімімен анықталған күннен бастап Орталық депозитарийдің және клиенттің келісімі бойынша;
 - 2) жоғарыда аталған шарттардың соңғысы қолданысын тоқтатқан күннен бастап Орталық депозитарийдің депозитарлық қызметті және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру

барысында клиентке қызмет көрсетуге жасалған барлық шарттардың қолданысын тоқтатқан жағдайда;

- 3) Орталық депозитарийдің хабарламасында көрсетілген күннен бастап Орталық депозитарийдің қызметін төлеу шоттарын Орталық депозитарий жазған "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ тарифтері мен алымдары туралы ережемен белгіленген мерзімде клиент ақы төлемеген жағдайда Орталық депозитарийдің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен;
- 4) клиент осы Қағидаға және/немесе бағдарламалық қамтамасыз ету шартына енгізілген өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келіспеген жағдайда, көрсетілген өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енген күннен бастап;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасымен немесе осы Қағидамен көзделген өзге жағдайда.

2-бап. Осы Қағидаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ерекшелігі

Осы Қағидаға бекітілген өзгерістер және/немесе толықтырулар не осы Қағиданың бекітілген жаңа редакциясы ұстанымды сақтау қамтамасыз етілетін осындай мерзімдер ішінде ғана қолданысқа енгізілуі мүмкін, ұстанымға сәйкес осы Қағидаға түзетулер (осы Қағидаға түзетулерді толық жазу), осындай түзетулерге сәйкес жаңартылған осы Қағида немесе осы Қағиданың жаңа редакциялары осындай түзетулер қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде 15 күн бұрын Орталық депозитарийдің Интернет-сайтында (осы Қағиданың жаңа редакциялары) жариялануы тиіс.

3-бап. Қорытынды және ауыспалы ережелер

1. Реттеу тәртібі осы Қағидамен анықталмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.
2. Орталық депозитарий осы Қағида қолданысқа енгізілгеннен кейін қабылдаған Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, осы нормалардың осы Қағидада қаншалықты көрсетілгеніне қарамастан, басшылыққа алуға міндетті.
3. Орталық депозитариймен бұрын Құжаттарды айырбастау қағидасына³ (Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасын қолданысқа енгізгенге дейін қолданылған) сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқығын көрсетуге, орнатуға шарт жасаған Орталық депозитарий клиенттерінің әрқайсысы үшін осы шарт осы Қағиданың 1-қосымшасында жазылған редакцияда қайта жасалған болып саналады. Егер осы клиент осы Қағидамен келіспеген жағдайда (соның ішінде осы Қағиданың 1-қосымшасымен), ол осы Қағида қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде бес күн бұрын осы шартты

¹¹ Орталық депозитарий акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен бекітілді (2006 жылғы 16 қарашадағы № 2 хаттамасы).

бұзу туралы осы клиенттің еркін нысанда жасалған өтінішін Орталық депозитарийге берген жағдайда осы шартты бұзуға құқылы.

Президент

Б.Х. Капышев

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын ұсыну қағидасына

1-қосымша

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын беру ШАРТЫ

Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және Орталық депозитарийдің "Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын беру қағидасы" (бұдан әрі – Қағида) деген ішкі құжатымен анықталғандай Орталық депозитарий әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын Орталық депозитарий Клиентке ұсынған кезде "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) және оның клиентінің (бұдан әрі – Клиент) өзара іс-әрекетінің шарты мен тәртібін белгілейді.

1-бөлім. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Орталық депозитарий Клиентке Орталық депозитарий әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етудің пайдалану құқығын береді, Қағидамен белгіленген талаптарда оған қолдау көрсетеді, ал Клиент "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Тарифтері мен алымдары туралы ережемен көзделген тәртіппен және мерзімде көрсетілетін қызметті төлейді.
- 1.2. Орталық депозитарий мен Клиент Қағидамен белгілеген Орталық депозитарий әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және ілеспе қызмет көрсету құқықтарын беру шарты мен тәртібін қабылдайды.

2-бөлім. ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

- 2.1. Осы Шарт бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттері, өзара іс-әрекет ету шарты мен тәртібі, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптардың жауапкершілігі, Шарт талаптарын өзгерту тәртібі мен оны бұзу Қағидамен белгіленеді және Тараптар осы Шарттың міндетті талаптары ретінде қабылдайды.
- 2.3. Орталық депозитарий Орталық депозитарийдің Интернет-сайтында Қағидаға өзгерістер мен толықтыруларды орналастырады, олармен Клиент Орталық депозитарийдің хабарламасын алғаннан кейін танысуы тиіс.

- 2.5. Ұйымдастыру-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда немесе Тараптың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт өзінің заңды күшін жоғалтпайды және құқықтық мұрагерлеріне ауыстырылады.

3-бөлім. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Шарттың талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар бір-бірінің мүдделерін ескеріп, соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.
- 3.2. Өзара келісімге келмеген жағдайда дауларды Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен қаралады.

4-бөлім. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ЖӘНЕ КЛИЕНТТІҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

- 4.1. Орталық депозитарийдің заңды мекенжайы және деректемелері Орталық депозитарийдің Интернет-сайтында жарияланады (www.kacd.kz).
- 4.2. Клиенттің заңды мекенжайы және деректемелері осы Шартты жасауға өтініште келтіріледі.

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын ұсыну қағидасына

2-қосымша

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын ұсыну шартын "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен жасауға
ӨТІНІШ**

20XX жылғы XX ай

бірінші рет берілген

бұрын берілгеннің орнына

Осы өтінішпен "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) клиенті, ол туралы мәлімет төменде келтірілген және бұдан әрі "**Клиент**" деп аталып, Орталық депозитарийге Қағидамен белгіленген тәртіппен және Орталық депозитарийдің "Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын ұсыну қағидасы" деген ішкі құжатының 1-қосымшасымен анықталған шарттарда "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі) АҚ әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын ұсыну шартын (бұдан әрі – шарт) жасауды ұсынады (бұдан әрі – Қағида).

Клиент "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ әзірлеген келесі бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқығын беруді сұрайды (*қажетін толтырыңыз*):

"Депонент" АЖО

Осы БҚ пайдаланатын жұмыс орындарының орны	
Электрондық құжаттарды қабылдау-тапсыру жүйесінің атауы	
Клиенттің жүйедегі жүйелік атауы	

"Банк–клиент" АЖО

Осы БҚ пайдаланатын жұмыс орындарының орны	
Электрондық құжаттарды қабылдау-тапсыру жүйесінің атауы	
Клиенттің жүйедегі жүйелік атауы	

"Эмитент" АЖО

Осы БҚ пайдаланатын жұмыс орындарының орны	
Электрондық құжаттарды қабылдау-тапсыру жүйесінің атауы	
Клиенттің жүйедегі жүйелік атауы	

Клиент Қағидамен танысқандығын, онымен келісетіндігін және оның шарттарын сақтауға міндеттенетіндігін мәлімдейді. Клиенттің осы міндеттемесі сондай-ақ Қағидаға келесі түзетулердің талаптарын немесе осындай түзетулер (осындай түзетулердің толық жазылуы) Қағидаға осындай түзетулерге сәйкес жаңартылу немесе Қағиданың жаңа редакциясы осындай түзетулер (Қағиданың жаңа редакциялары) қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде 15 күн бұрын Орталық депозитарийдің интернет-сайтында (www.kacd.kz) жариялану талабымен Қағиданың жаңа редакцияларын сақтау міндеттемесін қамтиды. Клиент өзіне осы өтініштегі және Қағидадағы міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті қабылдайды.

Осы өтініш Қағидалар жинағына кіретін Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасына сәйкес операциялық құжаттарды Орталық депозитарийден алудың және Орталық депозитарийге берудің өзге тәсілдерін пайдаланады.

Клиент туралы МӘЛІМЕТТЕР

Рұқсат берілген "АҚ" аббревиатурасын пайдаланып, заңды тұлғаны тіркеуді растайтын құжатқа сәйкес толық атауы	
Заңды тұлғаны тіркеуін растайтын құжатқа сәйкес орналасқан орны	
Нақты мекенжайы (егер орналасқан орнынан ерекшеленсе)	
Телефон нөмірі (жалпы)	

Факстің нөмірі (жалпы)	
Электрондық почтаның мекенжайы (жалпы)	
Банктік деректемелері	

Клиенттің атынан

Лауазымы

[қойған қолы]

Тегі, инициалдары

М.о.

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқықтарын ұсыну қағидасына

3-қосымша

Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және қолдау құқығын беру қағидасына 2-қосымшамен белгіленген нысанды толтыру бойынша НҮСҚАУЛАР

1. Өтініш Орталық депозитарий клиентінің фирмалық бланкінде (осындай бланктер болған кезде)
2. Өтініштің әрбір парағы нөмірленуі тиіс және өтінішке қол қойған тұлға қол қоюы тиіс.
3. Өтініш тігіліп, тігіс түйініне және ішінара өтініштің соңғы парағының теріс жағына желімделген қағаз пломбымен бекітілуі тиіс.
4. Қағаз пломбыға ішінара және өтініштің соңғы парағының теріс жағына ішінара Орталық депозитарий клиентінің мөр бедері және өтінішке қол қойған тұлғаның қолы қойылуы тиіс.

Құжаттың парақ саны көп болған жағдайда оның әр парағы бекітіледі не құжат тігіліп, тігіс түйініне және ішінара параққа желімделген қағаз пломбымен бекітіледі

5. Телефонның және факстің нөмірлері [елдің коды] [елді мекеннің коды] + форматында көрсетілуі тиіс [XXX XX XX түрінде телефон нөмірі, мұнда цифрлар бос орындары бар цифрлық жұптарды бөлумен қос-қостан, оң жақтан солға топтасқан, үш цифрдан топқа бірлескен цифрлардың тақ санымен нөмірде сол жақтан бірінші цифрларды қоспағанда].
6. Егер әріптік тіркелімге электронды поштаның бағдарламалық қамтамасыз етуінің сезімталдығы себептері бойынша талап етілмесе, электронды поштаның мекенжайы кіші әріптермен көрсетілуі тиіс.
7. Өтінішке Орталық депозитарийге берілген Орталық депозитарий клиентінің қол қою үлгілері мен мөр бедері бар нотариатпен куәландырған құжатқа сәйкес бірінші қол қою құқығына ие тұлға қол қоюы және мөр бедері аталған құжатта келтірілген мөрмен куәландыруы тиіс.